

Турасын айтып, туғанына жақпаған қайран Жұматай

«Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» арым менің тәуелсіздігім, бірлік берекем, ана тілім, айбарым. Мен бұл жолдан өлгенше таймаймын деуші еді. Ақыры сол жолдан таймай өмірден озды.

Жұматай өмірден ерте озды. Ол ерте кетейін деген жоқ, оны ерте кетуге мәжбүрледі. Шындық деп, әділдік деп, ана тілім арым деп, туғанына қарамай турасын айтқаны үшін, алдынан үнемі шоқпарын алып кеңестік жүйедегі кердендеген келімсектер мен жаңдайшап жағымпаздар қайда барса да алдынан шығып, ауызын ашса тобықтан қағып адымын аштырмады.

Тәуелсіздік туды деп, ана тілімнің абыройы асқақтайды деп, қуанып атойлаған Жұматайдың алдынан шоқпарлы топ емес, қылышын сүйреткен қазақ тілін тілім, мұсылман дінін дінім деп білмейтін шала қазақтар шаужайына жармасып жағасынан алды. Жұматай бұған да тоқтамай “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” деген бабалар сөзін ұран етіп ұстап, туғып көтеріп, әділетсіздікке, жаңа қалыптасып келе жатқан тәуелсіз мемлекеттің етегінен жарыққан өтті. Иман

ден шыққан-дықтан да тектілігін жасағаны сөзсіз. Бабасы Сары Қошқар батыр кешегі Кенесары ханның заманындағы осы өлкеден шыққан хас батырлардың бірі болатын.

Кенесары хан елден оңтүстікке аттанарда ақ жол тілеп батасын беріп, халықтың тілеуін тілеген. Құрдасы Бегімбет Иман батырға ақ ауыз атын мінгізген, осы жолдан оралмайтынын болжаған. Абыз қарияның бірі осы Сары Дауұлы Қошқар батыр.

Осы әулеттен неше алуан намысты жақсылар мен жайсаңдар шыққан. Кешегі кеңес заманының алғашқы кезінде

келеңсіз көріністерді әшке-релеуге тәрбиеледі.

Ешкімді бет қаратпай тұрған кеңес заманында сол жүйенің әділетсіздігі мен көзбояушылығы, ауылда болған жалған ақпар мен

шен-шекпеніне қарамай, олқылық көрсе аз сөзбен ойсырата сынап, дандайсыған басшыны тез сабасына түсіретін.

Жұматай 1988 жылы Торғай облысы жабылғаннан кейін Ақмола облыстық “Арқа ажары” газетінде қызмет атқарды. Осы кезеңде “Ана тілі” газетінен бастап бірнеше газеттерге сын мақаланы шабыттана жазды. Әсіресе ана тілінің тағдырына арналған өткір мақалалары жергілікті басшыларды және өзін “елдің зиялысы” қатарына санайтындарды ащы түйреп өтетін.

Олар да қарап қалмай қарымта қайтарып Жұмабайдың үстінен жалған арызды қарша боратқанын естіп жүрдім. Өзінің жеке басы үшін емес, ана тілі үшін арпалысқан ол талай сотта өз ісінің әділдігін дәлелдеп, қаралаушылардан

басып, буыны жаңа бекіп келе жатқан қоғамда әр адам осы Жұматайдай таза, әділ, тура, шыншыл болса қоғам да қарыштап алға басар еді. Сол арқылы қарапайым халықтың жағдайы да жақсара түскен болар еді. Біздің ұғымда күннің, айдың, маусымның, жылдың, ғасырдың өлі арасы деген ұғым бар. Осы ғасыр өла-расы басында 2002 жылы 18 қарашада Жұматай өмірден озды. Отбасы мен ағайыны 60 жасқа толған күнін елге келіп атап, ас беріп, құран бағыштатты.

Көзі тірісінде “Кәрі сайтан” және “Өкпелесең өзің біл” атты кітаптары жарық көрсе 2007 жылы “Ұмай” баспасынан “Мен таныған шындық” атты кітабы шықты. Иә, Жұматай шындықты дөп басып таныған, сол шындық үшін күрескен азамат еді. Әрбір жазған сөзі әрі қысқа, әрі нұсқа, мірдің оғындай болатын. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен шешендердің соңғы тұяғы сияқты көрінеді маған. Ол өз есімін көзі тірісінде алтын әріппен жазып кеткен азамат.

Қайран Жұматай! Тура-сын айтамын деп туғаныңа, дос-жаранға, әкім-қараға жақпадың. Өмірде үнемі алдыңнан алаяқ, сауатсыз



ен тартқан елді, жерді, халықтың дәстүрін елемейтін, өзін өмірге әкелген анасының ақ сүтін емгенімен ана тілін менсінбейтін, не оны керек етпейтін топқа қарсы “Ғазауат” соғысын жариялады.

Сырттай қараған адам «Осы Жұматай бір жерден әділетсіздік көріп қалса неге соның соңына шырақ алып түседі. Осыдан тауып жатқан пайдасы, не өсіп жатқан қызметі жоқ деп жан ашығандық танытып, Әй! Жұматай-ай! Тек жүрсең тоқ жүресің! Нең бар сенің жұрттың кем-кетігінде» деп жаны ашыған ағайынның ақыл айтқанын естідік.

Жұматайдың айтар сөзі дайын. “Малым жаным садағасы, жаным арым садағасы” арым менің тәуелсіздігім, бірлік-берекем, ана тілім, айбарым. Мен бұл жолдан өлгенше таймаймын деуші еді. Ақыры сол жолдан таймады.

Күні үшін бірнеше жыл оқыған мамандығын тастап, жеңілді астымен, ауырдың үстімен атқаратын қызметінен көптеген азаматтар кетіп жатқанда Жұматай өзінің жан-жүрегі сүйетін сатирасы мен сынын тастамай, қаламын найза етіп, әділетсіздікке қарсы жекпе-жекке дайын тұратын.

Әділдік үнемі билік құра бермейтін. Сондықтан да Жұматай кейде шеттеп жүретін. Қолына билік тисе, аш көзденіп өз пайдасын ойлап тұратын ортада әділдікті жақтап өмір сүру Жұматай үшін жеңіл болған жоқ. Басшының сөгісіне, айғайына, қиянатына төзіп бақты. Жұматай текті жер-

терінде көн етігімен тасыраңдап шығып, әкесіндей адамға «жастық тасташы» деген кеңес заманындағы шолақ белсендінің жетесіз қорлығына шыдамай атасы Исабай: “Боғыммен жасты баладан мұндай сөз естігенше өлгенім артық”...деп қапаланып, қайғырып, намыстан сол түні таң алдында 1928 жылы 72 жасында дүниеден озған.

Исабай бүркіт, лашын, қаршыға, ителгі ұстаған саятшы, құралайды көзге атқан сұр мерген, сөзге шешен, әділетсіздікке шыдамайтын батыл адам болған.

Міне сол Исабайдың немересі Жұматайдың жастайынан әділетсіздікке, орынсыз көлгірсуге, көпірме бос сөзге, келеңсіз жай мен жағымпаздыққа төзбей тұрасын айтып, сынап, сықақтап, бос белбеу белсенді басшыларды көзге шұқып, халық алдында масқарасын шығаруы бабадан қалған тектілік болса, аталас туыс ағасы әділдік пен туралықты күні кешеге дейін ту етіп, қазақ халқының қиындығы мен бастан өткен қасіретіне қабырғасы қайысып, халқын қызғыштай қорып келген журналист ағасы Сапабек Әсіповтің де тәлім тәрбиесі, үлгі - өнегесі аз болмағаны анық. Оның сыртында журналистика факультетінде оқып жүргенде тура би, профессор Темірбек Қожакеевтің турашылдығы мен әділдігі, жас азаматты тәрбиелеп, ұштап, қанаттандырып, қоғамдағы орын алған олқылық, жеке адамдар басында кездесетін озбырлық пен жағымпаздық, жандайшап белсенділік пен дөрекілік, басқа да

жағымпаз басшыны әшке-релеп жұмыстан қуылды. Бірақ сол әділдіктің бетін ашты. Қылмыс жасауға бейім көп тоғымшар қыламыңнан сескеніп тартынып қалды. 1971 жылы облыстық “Торғай таңы” газетінде де сенің сықақ, сын мақалаларың қысқа, әрі нұсқа шығып тұратын. Үнемі газет бетінен сенің мақаланды іздеп отыратын халық. «О! Жұматай тағы бір шындықтың бетін ашты» деп халық риза болып отыратын. Қарапайым басшы ғана емес, облыс деңгейіндегі басшы да сескенетін.

Сенің әрбір жазған сының нысанаға дөп тиіп, тиген жерін қақыратып кететін. Ол кездегі жақсы бір ерекшелік баспасөз бетіне шыққан сын мақала тексерілмей қалмайтын. Ал, тексеру қорытындысы тиісті орында қатаң қаралып, жазалы жайлы орындығынан, жылы бөлмесінен, беделді қызметінен айрылатын.

Ол қоғамда әділ сын айтқанды жеке адамдар жек көргенімен үкімет жек көрмейтін. Аты баспасөзге шыққан адам көпке дейін есеңгіреп есін жинай алмайтын. Себеп оны сол кезде барша қоғам болып кемшілігін бетіне басып талдайтын.

Жұматайдың өмір құбылыстарына сын көзбен қарап жазған дүниелері газет оқырмандарына көп ой салатын. Ол кезде газет те, газеттің тілшісі де беделді болатын. Журналист келе жатыр десе қоғамда жапырылып ығына жығылып тұратын. Себеп Жұматай сияқты азаматтар ешкімнің атақ даңқына,

ралаушылардан кешірім сұратты. Мемлекет деңгейіне дейін мәселе көтеріп Ана тілінің мәртебесі үшін қолынан келгенше күресіп бақты. Сол жылдары Жұматайдың “Ана тілі” газетінде жарияланған материалдары Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі Ұлттық агенттігінің ілездемесінде жиі талқылауға түскенін және агенттік тарапынан қолдауға ие болғанын сол кездегі баспасөзден білеміз. Сол кездерде Жұматай Сабыржанұлының материалдары көбіне орысшаға аударылып ҚР Президентіне ақпарат ретінде ұсынылған. Мұндай құрметке алғаш ие болған да осы Жұматай.

Агенттік тарапынан Жұматайға жан-жақты қолдау жасалды. Соған қарамай оны жалған қаралаушылар күшейген кезеңдер болды.

Бұл Жұматайдың беделіне нұсқан келтірмей, қайта оның беделін көтере, абыройын асқақтата түсті. Ол қазақ халқының бетке ұстар тұлғаларының біріне айналды.

Ана тілі үшін жан аямай күрескен Шона Смаханұлынан кейінгі ұлт патриоты осы Жұматай болғанында дау жоқ. Ана тілінің қиесі мен қасиеті Жұматайға рухани күш - қуат беріп, қанаттандырып, алға қарай қадам басыуына демеу болғаны анық. Әділдік әрқашан ерте ме, кеш пе жарыққа шығып, салтанат құратыны анық. Жүкөңнің де әділдігі салтанат құратын кезең уақыт беделінде еді. Міне, бүгін әділдік орнады.

Шіркін, біздің тәуелсіз мемлекетте жаңа тәй-тәй

алдында алаш, сауатсыз шала қазақ, ана тілін білмейтін мәңгіұрт кездесе берді. Кездесе берді емес, сен солардың ара жігін ашып, ақ қарасын саралай білдің, кімнің кім екенін дөп бастың.

Қарны тоқ көптің біреуі болып жүре берсең саған ешкім тиіспеген болар еді. Тіпті қолында билігі, аузында сөзі, үстінде бөзі бар бір басшыны өлтіре мақтасаң сен де “көп жақсының” қатарына қосылып кетер едің.

Әділетсіздікке қарсы күресемін деп атаң сияқты жарылып емес, сол құсдан ауырып өлдің. Ал сенің тұстастарың, қатарларың, үлкен аға, кіші інілерің, сенің әділдігіңді, туралығыңды топ алдында айтуға билік пен басшыдан қорқып айта алмай келеді. “Әділетсіздікті көре тұра үндемесең өзің де сондай болғаның” деген мақал біз сияқты пақырға айтылған. Сол пақырдың бірі мен. Сенің атыңды атап, түсінді түстеп, ісінді қолдап, өзінді жоқтап, әруағың алдында адалдығыңды алты алашқа жария ете алмадық кезінде. Кешір, Жұматай!

Ол күн өтті, сені мақтайтын да, қолдайтын да, марапаттайтын да күн туды. Жаңа Қазақстан жақсыларын атап, еңбегін елеп, мәртебесін өсіріп жатыр. Сен қандай мақтауға да, құрметтеуге де, атаққа да лайық едің. Ұлт үшін ұрандап, «Алаш» деп атойлаған, қазағым, тілім, жерім деп жанын шүберекке түйген бір азамат өзінде болар. Ұлы жаратушы өзіңе иман, халқыңа береке - бірлік берсін!